

ТҮРКІСТАН

Халықаралық саяси ақпараттық газеті

ШЕГЕН БИ ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?

Арғын руының Танбыссопыдан (Тәнбісұлы) тараған ұрпақтарынан, талай батырлар мен билер көп шыққан. Олар өз іштерінде таңбасына қарай "Жоғары шекті", "Төменгі шекті" болып бөлінген. Солардың бірі – Көшейұлы Шақшақ батыр, Шақшақұлы Қошқар, Қошқарұлы Жәнібектен Дәуітбай, одан Мұса батыр – одан Шеген туады. Бұл – қазақтың ауызша деректерін жинаушы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шежіресі.

Ауызша шежіре мен жазбаша деректер, мұрағат құжаттары мен сирек кездесетін кітаптарда бірсыпыра аттас есімдер кездесіп қалады. Академик Серғали Толыбеков "Қазақ шежіресі" атты зерттеу кітабында (1992 жылы) Мұсаның бәйбішесінен Байжан, Балабатыр, Шеген Мырзабек. Шегеннің бәйбішесінен Қазыбек, Қызайжан (Әймен), Бектеміс (1813-1904), Бірімжан (1817-1873), тағы басқа ұрпақтар тараған деп жазды. Бұлардың бәрі Арғындар арасында Шақшақ, болмаса Қошқар аталығы деп аталады. Қошқарұлы Жәнібек туралы бір ақынның:

"... Қамыстың басы майда, түбі сайда,

Жәнібек Шақшақұлы болат найза," – деуі, ол кісінің әрі батыр, әрі би болғандығын меңзеп тұр. Жәнібектің бабалары – Тоқал арғындар 1726 жылы Сәмеке хан тұсында Ресей шекарасына жақын қоныстанған.

Мемлекеттік орталық мұрағаттағы 1849-1860 жылдардағы бір құжатта Арғын Қазыбек Шегенов туралы жазбалар кездесті. Онда Қ.Шегеновтің Арғын руының Қошқар бөлімінен екенін, Торғай, Тобыл өзендері мен Орынборға жақын Қарағайлы орманы маңында жаз-жайлап, қыстайтыны айтылған. Қазыбекке 1848 жылы хорунжий шені беріліп, 37 жаста екені жазылған. Бұл дерекке сенсек, Қазыбек би Шегенов, 1810-1811 жылдары туған болып шығады. Өйткені оның інісі Бектемістің 1813 жылы, Бірімжанның (1817) туғаны жазылған.

Мемлекеттік мұрағаттың №4 қорында Қазыбек биге сипаттама бере отырып: "...Сын Чегена замечательный человек за свое время. Казбек Чегенов имеет отличной вес на свою ординцев. Он пользуется уважением по покойному отцы, знаменитого Чегена Мусина", – деп жазылған құжат сақтаулы. Қазақтың алғашқы ағартушыларының бірі Ыбырай Алтынсаринның "Өсиет" атты өлеңінде:

... Арғыннан ол күндерде Шеген шықты,

Халайық айбынынан қойдай ықты.

Азуы алты қарыс сан

Арғынның Қойдырды тентектігін,

бұзықтықты. Бірімжан,

Қазыбек би балалары,

Арғынның атасындай даналары.

Жігіттер болған ерге тасыр етпе Жаксылық жер менен көк аралары, – деп өсиетнама жазған.

Шеген бидің арғы бабасы – Қошқарұлы Жәнібек (1693-1752). Ол 1710 жылы 17 жасында Тәуке ханның қолымен жауға шауып, жекпе-жекте қалмақ батырын өлтіреді. Жәнібек бабамыз – Қазақ халқының тәуелсіздігі жолында

күрескен, қолбасшы болған батырлардың бірі. Жәнібекке 1743 жылдың 11 шілдесінде Ресей патшайымы Елизавета өз жарлығымен тархан атағын береді. Жәнібек батырға Бұқар жырау, Тәттіқара ақын, Абыз әулие, бертінде халық ақыны Иманжан Жылқайдаров, Көкбай ақындар жырлаған. 1993 жылы Арқалық қаласында туғанына 300 жыл толуына орай Жәнібек тарханға ескерткіш орнатылып, ас берілді. Ал Жәнібектің баласы Дәуіт батыр да әскери коллегияның 1759 жылғы жарлығымен тархан атағын алады.

Көрнекті тарихшы ғалым Ермахан Бекмаханов: "...*XIX ғасырдың бірінші жартысында Арғын руының биі Шеген батыр және Тілеуқабак руының старшыны Есет Көтібаров өздеріне бағынышты руларда толық билік жүргізеді*", – деп жазған. "*Рас, Арғын руының тек би Шеген Мусин қол астындағы бір бөлігі ғана 1845 жылға дейін көтеріліске қосылмады. Ал Арғын руының рубасы Шеген Мусин өкімет алдында беделді болғанымен, өзінің келісімінсіз Арғын руының жеріне бекіністер салуға рұқсат бергені үшін елді билеуші сұлтандарға қарсы өштік тигыл көрсете бастады*", – деп жазған одан әрі кітабының 179-бетінде.

Жоғарыдағы жазбаларға қарағанда Шақшақ, Қошқар, Жәнібек секілді ел билеу, ел мен жерін қорғауға араласқан бабалары сияқты Шеген би де осал болмаған жан болса керек. Ол ел ісіне белсене араласқан. Ол 1845 жылы сұлтан Ахмет Жантөринге: "...*Біз кеңесіп іс қыла алмадық. Сондықтан мен өзімді лауазымды би, сені тақтағы сұлтан деп есептемеймін. Өйткені сен жұртшылықтың келісімінсіз бекініс салуға орыстарға рұқсат бердің*", – деп айыптаса, Кенесары ханның елге салған ауыр алым-салығына қарсылық ретінде ханға қосылмады. Ал Кенесары хан Шеген Мусиннің руластары арасындағы беделінен аса алмай, Шегенге қарсы ашық қарулы ұрысқа бармаған. Тарихшылар мен зерттеушілердің көбі осы пікірді жақтайды.

Патша ағзамның (императордың) нұсқауымен 1864 жылдың маусым айында Сарыторғайда өткен Орта және Кіші жүздің 189 биі қатысқан съездің шешіміне Шеген биден тараған жоғары Шекті руының басқарушысы, әскери старшина подполковник Қазыбек, №37 дистанцияның бастығы Бірімжан Шегенов және оның баласы Дәуренбек Бірімжановтың қойған қолдары бар, Қазыбек пен Бірімжан мөрлерін басқан. Ал Бірімжаннан туған Қорғанбек (1852-1919) балалары Бірімжанов Ахмет (1871-1927), Ғазымбек (1896-1938) қоғам қайраткерлері болса, Бірімжанов Батырбек Ахметұлы, білім жолына түскен үлкен ғалым болды. Қазақстан ҒА-ның корреспондент-мүшесі, химия ғылымының докторы, "Жалпы химия" және басқа да кітаптардың авторы.

Шеген Мусин – қол бастап жауға шаппаса да, ел ішінде батыр атанған, негізінде би болған кісі. 1841-1847 жылдардағы Кенесары – Наурызбайдың Ресейге қарсы көтерілісі кезінде Торғай, Қостанай жақтан Сырға, Шиелі өңіріне қоныс аударған сияқты. Орынбор шекаралық комиссиясының арнаулы қорындағы құжаттарда баласы Қазыбек Шегенов туралы жазбаларында (1849-1860 жылғы) Шеген Мусиннің беделі мен атағы Қазыбекке әлі күнге көмектесуде екенін жазған. Олай болса, бидің ұрпақтары мен басқа да кісілер айтып жүргендей Шеген Мұсаұлының (Мусин) бейіті Сырдария жағалауында болуы әбден мүмкін. *Тынышбек Дайрабай*